

“Бекітемін”

№39 “Қызылөзек” орта мектебінің
директоры

Ж.М. Байжанов

“Келісілді”

Ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі
орынбасары

Г.Т.Бурамбаева

“Қаралды”

Пән бірлестік отырысында

Ш.Әбуова

Хаттама №

« 29 » тамыз 2022 жыл

2022-2023 оқу жылына арналған тақырыптық күнтізбелік жоспар (Мектепалды сыныптар)

Пән мұғалімі: Рахметова Қаракөз Асарбекқызы

Сыныбы: Мад «А» тобы

Сағат саны: 18 сағат

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндеттелген білім беру стандарттарын бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы №348 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес, <Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы.> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №17657 болып тіркелген) (бұдан әрі –Үлгілік қағидалар). Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қызметінің сәйкес, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі-Үлгілік оқу жоспарлары), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі-Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жасалған.

Қызылорда қаласы 2022-2023 оқу жылы



“Бекітемін”

№39 “Қызылөзек” орта мектебінің
директоры
Ж.М.Байжанов

“Келісілді”

Ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі
орынбасары
Г.Т.Бурамбаева

“Қаралды”

Пән бірлестік отырысында
Ш.Әбуова
Хаттама № 1

« 29 » тамыз 2022 жыл

2022-2023 оқу жылына арналған тақырыптық күнтізбелік жоспар (Мектепалды сыныптар)

Пән мұғалімі: Қайырбекова Нурила Нұрланқызы

Сыныбы: Мад «Б» тобы

Сағат саны: 18 сағат

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндеттелген білім беру стандарттарын бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы №348 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген „Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес, <Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы.> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар). Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қызметінің сәйкес, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жасалған.

Қызылорда қаласы 2022-2023 оқу жылы

ТӘРБИЕШІНІҢ ЖҮКТЕМЕСІ

ТОП		0 «А»	САҒАТ САНЫ	
2022-2023 оқу жылы				
№	Ұйымдастырылған іс- әрекет/Балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативті кжүктеме	Аптадағы ҰІӨ саны (ұйымдас- тырылған іс - әрекеті)
1	Дене шынықтыру		3 сағат	
	**Қимыл белсенділігі	күн сайын		
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат	
	Коммуникативтік әрекет	күн сайын		
3	Көркем әдебиет		2 сағат	
	Коммуникативтік әрекет	күн сайын		
4	Сауат ашу негіздері		3 сағат	
	Коммуникативтік, танымдық әрекет	күн сайын		
5	Қазақ тілі		2 сағат	68
6	Математика негіздері		3 сағат	
	Танымдық, зерттеу әрекеті	күн сайын		
7	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат	
	Зерттеу, танымдық, коммуникативтік, еңбек әрекеті	күн сайын		
8	Сурет салу		1 сағат	8
9	Мүсіндеу			8
10	Жапсыру			9
11	Құрастыру			9
	Шығармашылық, бейнелеу әрекеті	күн сайын		
12	Музыка		2 сағат	
	****Шығармашылық, музыкалық, қимыл әрекеті	күн сайын		
	Ұйымдастырылған іс – әрекетінің ұзақтығы	25-30 минут		
	Барлығы	20		
Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс –әрекетінің жалпы көлемі		20 сағат		

ТӘРБИЕШІНІҢ КҮНТІЗБЕСІ
Ай және тоқсан бойынша оқу күні және апта саны

I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
8 апта 2 күн	8 апта	9 апта	8 апта 4 күн

ДЕМАЛЫСТАР

КҮЗГІ

31.10.21-06.11.22

ҚЫСҚЫ

31.12.22-08.01.23

КӨКТЕМГІ

18.03.23-26.03.23

ҚОСЫМША

06.02.23-12.02.23

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

25.05.2023

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы:

Топ/сынып: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: күркірек айы 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру 3сағ	-Бұрын үйретілген жаттығуларды қайталау, бекіту, қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіру; -тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына жаттықтыру; -дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығайтын қалыптастыру. -ертеңгілік гимнастиканы таза ауада орындауға қызығушылықтарын ояту.
	Сөйлеуді дамыту 2сағ	-Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. -ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту.
	Көркем әдебиет 2сағ	-Көркем әдебиетке қызығушылыққа баулу. Оқу, әңгімелеу. -шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу; -әдеби жанр түрлерін түсіндіру: ертегі, әңгіме, өлең; -балалардың театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын; таныс сюжеттер арқылы ертегілерді сахналау.
	Сауат ашу негіздері 3сағ	-Сөз және дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; -балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету; -қолды жазуға дайындау.
	Математика негіздері 3сағ	-Жиын. Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту; -біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету дағдыларын қалыптастыру; -заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету.
	Қоршаған ортамен таныстыру 2сағ	-Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету; -әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыру; туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата-анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін айта білу; -танымдық-зерттеушілік қызметті дамыту.

Қазақ тілі 2сағ	<p>-Сөйлеу әрекетінің түрлерін тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және тілдік нормаларды сақтай отырып іс-әрекетте және күнделікті өмірде қолдану;</p> <p>-балалардың сөздік қорын байыту.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>Сурет салу</p> <p>Мүсіндеу</p> <p>Жапсыру 1сағ</p>	<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру;</p> <p>-әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>-Балалардың өнер туындыларын қабылдау қабілеттілігін, эмоцианальды қатынасын қалыптастыру;</p> <p>-балаларды елестету және заттарға қарап сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Бояумен жұмысты жетілдіру.</p> <p>-Балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі заттарды бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге үйрету.</p> <p>-заттарды түрлі қалыпта мүсіндеуге, бейненің жеке шешімін өздігінен табуға үйрету;</p> <p>-балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру.</p> <p>-Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қиюды үйрету; екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қиюды; дайын пішіндерден заттардың бейнесін қиып жапсыруға үйрету;</p> <p>-балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету.</p>
Музыка 2сағ	<p>-Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату.</p> <p>-дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету.</p> <p>-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау.</p> <p>-музыкалық-ырғақтық қимылдар орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту.</p> <p>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.</p>

Апталық жүктеме балабақша/мектеп талаптарына байланысты шешілді.

Үлгісін ұсынып отырмыз

Мектептің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс- әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Жылдық жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 часа	96-114 аралығы, 99 сағ
	Дене шынықтыру **	күн сайын		
2	Сөйлеуді дамыту		2 часа	64-72 аралығы, 66 сағ
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын		
	Көркем әдебиет		2 часа	64-72 аралығы, 66 сағ
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын		
	Қазақ тілі		2 сағат	64-72 аралығы, 66 сағ
	Қазақ тілі ***	күн сайын		
3	Сауат ашу негіздері		3 часа	96-114 аралығы, 99 сағ
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын		
4	Математика негіздері		3 часа	96-114 аралығы, 99 сағ
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын		
5	Қоршаған ортамен танысу		2 часа	64-72 аралығы, 66 сағ
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын		
6	Сурет салу		1 час	32-38 аралығы, 33 сағ
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын		
	Музыка		2 часа	64-72 аралығы, 66 сағ
	Музыка ****	күн сайын		
8		-	20	640-740 аралығы, 660 сағ қолданыс

ТҮСІНІК ХАТ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала — біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол — үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты — баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Еліміздің мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық үдерістерін жаңа бағдарламалармен, оны жүргізудің тиімді әдістерімен қамтамасыз ету қажеттілігі туды. Ұсынылып отырған бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық-педагогикалық және мазмұндық аспектілерін ашады және негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың міндеттерін жүзеге асырады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:
- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі — Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өмірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
 - коммуникативтік дағдыларды дамыту;
 - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
 - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
 - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.
- Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:
- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
 - 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
 - 3) сөйлеуді дамыту;
 - 4) көркем әдебиет;
 - 5) сауат ашу негіздері;
 - 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
 - 7) сенсорика;
 - 8) математика негіздері;

- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке

эмоционалды-оң

көзқарасын, оқуға деген

ынтасын дамыту.

Мектепалды сыныптары

тәрбиелеу-білім беру

қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: физикалық дамыту;

- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

5. Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамытумен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, кимыл-қозғалыс, бейімделу,

коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-

қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық

бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық-әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

6. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

7. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың

ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгертуді міндеттерін шешеді.

9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және

патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін,

тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке

ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

11. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге;

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №39 «Қызылөзек» орта мектебі

Топ/сынып: Мектепалды даярлық О «а» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2022-2023 оқу жылы

Ай ы	Ұйымдастыры лған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы	Күні
Қыркүйек	Дене шынықтыру	-Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін	«Спортзал»	05.09
		- тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету	«Спортзалда ойнаймыз»	06.09
		- таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін үйрету	«Денсаулықтың құпиялары»	07.09
		-Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биіктігі – 30 см).	«Күлкі сыйла»	12.09
		-таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төменнен жоғарыға қарай қалай итеру керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай айналып өту керектігін үйрету	«Біз күшті және ержүректіміз»	13.09
		-Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету	«Мен ойнағанды жақсы көремін»	14.09
		-«Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, асық ойнау шеберліктерін арттыру	«Керуен»	19.09
		- модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін түсіндіру	«Күзгі орманда»	20.09
		Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету	«Ұлттық ойындар»	21.09
		- алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеу, сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүру машықтарын арттыру	«Қалай спортшы болуға болады?»	26.09
		- музыка әуенімен нұсқауларды аса дәлдікпен орындау машықтарын, секіру машықтарын арттыру	«Менің сүйікті жануарларым»	27.09
		- бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу – дене бітімінің ақауларының алдын алу	«Дене қабілеттерін дамыту»	28.09

Қыркүйек	Сөйлеуді дамыту	-«Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету	«Мектептегі алғашқы күн».	05.09
		- Мазмұнды жалғастырту арқылы ой- қиялдарын дамыту	«Мектептегі алғашқы күн».	07.09
		- Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету.	«Менің досым»	12.09
		- Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту	«Менің досым»	14.09
		-«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; . Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету	«Менің сүйікті ойыншығым»	19.09
		- Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу	«Менің сүйікті ойыншығым»	21.09
		- Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу	«Күз бояуы»	26.09
		- Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.	«Күз бояуы»	28.09
	Көркем әдебиет	- Балаларды мектепке деген қызығушылығын арттыру. Балаларды сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру	«Білімнің бұлағың»	01.09
		- Балаларды сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру	«Білімнің бұлағың»	02.09
		- балаларды күз мезгілімен таныстыру,күзде көкөніс,жемістерді көп беретінін түсіндіру	«Күз жомарт»	08.09
		- Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту	«Күз жомарт»	09.09
		- Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру	«Кішкентай бағбан» (әңгімелеу)	15.09
		- Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру,	«Кішкентай бағбан» (әңгімелеу)	16.09
		- жеміс түрлерімен таныстыру ,жемістер пайдалы екенін айту, көңіл күймен мазмұндауға үйрету.	«Жемістер жыры»	22.09
		- Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.	«Жемістер жыры»	23.09
		- Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыстірішілігі арқылы еңбекке баулу	«Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі)	29.09
		- диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру	«Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі)	30.09
		- Дыбыс туралы түсінік беру.	«Дыбыс»	01.09
		-дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру	«Дыбыс пен сөз »	06.09

Сау ат аш у негіздері	Сауат ашу негіздері	-: Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыр	«Сөз»	07.09
		-Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету	«Сөз. Сөздің мағынасы»	08.09
		- Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру	« Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?»	13.09
		-А дыбысы қандай сөздерде болатынын суреттер көрсету арқылы түсіндіру,А дыбысын хормен айтқызу	«Дауысты дыбыстар»	14.09
		-дауысы дыбыстар жуан,жіңішке болатынын айтып түсіндіру	«Жуан дауысты дыбыстар»	15.09
		-жіңішке дауысты дыбыстармен таныстыру	«Жіңішке дауысты дыбыстар»	20.09
		- Жуан және жіңішке дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру	«Жуан,жіңішке дауысты дыбыстар»	21.09
		-Дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру	«Дауыссыз дыбыстар»	22.09
		-дауысты дыбыстар туралы білгенін айту	«Біз нені үйрендік?»	27.09
		-: тапсырмалар орындау арқылы дыбыстар орнын тапқызуға үйрету.	«Біз нені үйрендік,нені білдік?»	28.09
		-Тапсырмаларды орындату арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	«Қатан дауыссыз дыбыстар»	29.09
		-«біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту	«Біреу – көп»	01.09
Математика негіздері		-балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету.	«Біреу – көп»	06.09
		- балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті («үлкен»,«кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету	«Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»	07.09
		-- дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратынжиын туралы ұғым қалыптастыру; «біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу	«Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»	08.09
		- Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу	«Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»	13.09
		- бір» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу; 1 және 2 сандарын санату	«1және 2 сандары»	14.09
		-заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттардың қасиетін,белгісін айқындау	«1және 2 сандары»	15.09

		және оларды топтастыруды үйрету			
		- цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру	«3 және 4 сандары»	20.09	
		-заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету	«3 және 4 сандары»	21.09	
		- 5,6 сандарын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру	«5, 6 сандары»	22.09	
		-7, 8, 9 сандарын санату, заттарды санау дағдыларын дамыту	7, 8, 9 сандары»	27.09	
		- дұрыс санау мен зейін мен логикалық ойлауды дамыту.Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.	7, 8, 9 сандары»	28.09	
		-7,8,9 сандарын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру	7, 8, 9 сандары»	29.09	
Қыркүйек	Қоршаған ортамен таныстыру	- Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету.	«Бізді не қоршап тұр?»	02.09	
